

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Ғасырлар тоғысындағы Қазақстан тарихы

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.09.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/182693/>**Қ.Д. Аяпбергенова**

М.Жұмабаев атындағы

№65 мектеп-гимназия

«Тарих» пәні мұғалімдері

Қазақстан тарихы – ұлы даланың терең тамырлары мен тарихи тағдырларының айнасы. Бұл кең байтақ жер ежелден адамзат өркениетінің орталықтарының бірі болып, көптеген көшпенді тайпалар мен мемлекеттердің мекені болған. Ғасырлар тоғысында Қазақстанның тарихы көптеген қиындықтар мен жеңістерге толы болған.

Қазақстан аумағында адамдар ежелгі палеолит дәуірінен бастап мекен еткен. Археологиялық зерттеулерге сүйенсек, Қазақстан жерінде бірқатар ежелгі қоныстар мен мәдениеттер қалыптасқан.

Ерте көшпенділер мал шаруашылығымен айналысып, жылқы, сиыр және түйе секілді үй жануарларын өсірген. Бұл кезеңде Қазақстан территориясы маңызды сауда жолдарының бірі – Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Жібек жолымен ең алғашқы сауда байланысы б. з. б. III-II ғасырларда жасалған. Бұл сауда жолының Жібек жолы атануында үлкен мән бар. Себебі алғашқы негізгі тауары жібек (Қытай) болған. Сонымен қатар VII ғасырда будда ламасы Сюань-Цзянь Ыстықкөл маңындағы Түрік қағанатының Суяб қаласына келеді. Түрік қағанының оған жібекті сыйға бергені айтылады. Ұлы Жібек жолы Қытайдан басталып, Римге барып аяқталған. Ұлы Жібек жолы – Шығыс пен Батысты байланыстырып, Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны қақ жарып өтетін керуен жолының жүйесі. Ұзындығы — 7 мың шақырымнан астам. Орта Азия мен Қазақстан территориялары арқылы өтеді. XV ғасырда Қазақ хандығы құрылып, Қазақстанның жергілікті тайпалары бір орталық билікке бағынған. Қазақ хандығының қалыптасуы елдің саяси бірлігін нығайтып, сыртқы жаулардан қорғануға мүмкіндік берді. Бұл кезеңде қоғамдағы әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, ру-тайпа қатынастары маңызды рөл атқарған.

XVIII-XIX ғасырларда Қазақстан Ресей империясының ықпалына түсті. Бұл кезеңде жергілікті халыққа жаңа әлеуметтік және экономикалық қатынастар енгізілді.

Сонымен қатар, Қазақстан аумағында қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталуына қарамастан, отарлық саясат кейбір әлеуметтік шиеленістер туғызды. XX ғасырда Қазақстан Кеңестік Социалистік Республика болып құрылды. Индустрияландыру, ауыл шаруашылығын өзгерту және білім беру саласында үлкен өзгерістер енгізілді. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, жаңа дәуірге қадам басты.

Ғасырлар тоғысындағы Қазақстан тарихы – бұл тек тарихи оқиғалар мен саяси өзгерістердің хроникасы емес, сонымен қатар халықтың рухы, мәдениеті мен дәстүрінің айнасы. Өткен тарихтан сабақ алып, бүгінгі күнді бағалай отырып, Қазақстан болашағының жарқын болуына үлес қосуға болады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.